

# Абдигалиева Молдир Болатовна

## Сабақ тақырыбы: Санның кубы

**Оқу мақсаты:**  
3.1.2.1\*\* санның  
квадратын -  
бірдей екі  
көбейткіштің, ал  
**кубын - бірдей  
үш  
көбейткіштің  
көбейтіндісі  
ретінде түсіну**

**Сабақ мақсаттары:**  
**Барлық оқушылар:** санның  
кубын бірдей үш  
көбейткіштен құралатынын  
ұғыну  
**Көптеген оқушылар:**  
Санның кубын табу,  
көбейтіндіні көбейткіштің  
кубына алмастырып жазу.  
**Кейбір оқушылар:** Санның  
кубын табу, берілген мәні  
бойынша бірдей үш  
көбейткішін табу

**Бағалау  
критерийлері:**  
Санның кубын  
бірдей үш  
көбейткіштің  
көбейтіндісі  
ретінде ұғынады

**Т, МК) «Тәжірибелік жоба» әдісі.**  
(жаңа тақырыпты меңгеру)  
(зерттеу дағдысын қалыптастыру,  
ынтымақтастық құндылығын  
дарыту)

**(Ұ) «Проблемамен саудалас» әдісі**  
(проблеманы шешу дағдыларын  
қалыптастыру) (жаңа білімді  
меңгеру)

**(Ж) «Ойлан тап» әдісі.**  
(сыни ойлаудағдысын жетілдіру, бір-  
біріне құрмет құндылығын дарыту)  
(жаңа білімді меңгерту)

**(Ө) «Шапшаң ойла» әдісі.** (жаңа  
материалды меңгергенін анықтау)

**Тапсырма:** берілген қант  
кесектерінен текше фигурасын  
жаса

**Қадам:**  
1-қадам. Оқушылар тапсырманы  
мұқият оқиды  
2-қадам. Суреттегі текшелерді  
санайды  
3-қадам. 3 санының үш көбейткіші  
арқылы оның кубын табады.

**Тапсырма:** бірдей үш  
көбейткіштің көбейтіндісі  
болып табылатын сандарды тап

**Тапсырма:** Көбейтіндіні  
көбейткіштің квадратына немесе  
кубына алмастырып жаз.

**Ынталандыру:** Текшені дұрыс  
құрастыра алдың!

**Дескриптор:**  
-Текшелерді санайды,  
-Санның кубын табады.  
**ҚБ:** топшілік графикалық жұлдызша  
арқылы бағалау

**Дескриптор:**  
үш көбейткіштің мәні болатын санды  
табады.  
үш көбейткішін жазады.  
**ҚБ:** Жұпаралық ауызша бағалау

**Дескриптор:**  
Көбейтіндіні көбейткіштің квадратына  
алмастырып жазады;  
Көбейтіндіні көбейткіштің кубына алмастырып  
жазады.**Өзара бағалау:** графикалық

## **Қалыптастырушы бағалау: «Орнымды тап» әдісі**

**Нұсқау:** Санның кубының мәнін есептейді . Дұрыс жауабын жазады. Ашықтық құндылығы арқылы, мұғалімнің жауабымен өз жауабын тексереді.

Тапсырма: Алдарыңда екі парақ берілген. Оның біреуінде санның кубы, екінші парақта оның мәндері берілген. Сендер санның кубын есептеп, екінші парақтағы жауаптың ішінен дұрысын мәніне жазуларың керек

**Дескриптор:**

- санның кубын табады;

-оның мәнін жазады.

-Өзін-өзі ашықтық құндылығымен тексеру

## Саралау тапсырмалары

**(Ө) «Балық аулау» әдісі. (жаңа білімді бекіту)**

*(Саралау тапсырмалары): (нәтиже бойынша саралау)*

**Нұсқау:** Оқушыларға санның кубын табуға арналған өрнектер беріледі. Олар тек дұрыс өрнектің астын сызады. Қатемен есептелген өрнектің дұрыс жауабын жазады.

**Дескриптор:**

Санның кубы дұрыс есептелген өрнекті табады;

Дұрыс есептелген өрнектің астын сызады.

Қатемен есептелген өрнектің дұрыс жауабын жазады.

**ҚБ:** «шахмат» әдісі арқылы өзара бағалау

**(Т) «Кім шапшаң?» әдісі (саралау тапсырмалары) (уақыт қарқыны бойынша саралау)**

**Нұсқау:** 1 мин ішінде көбейтіндінің мәні арқылы санның кубын табуға мысал құрастыруға тапсырма беремін

**Дескриптор:**

Көбейтіндінің мәні арқылы санның кубын табуға мысал құрастырад;.

**ҚБ:** шахмат әдісі арқылы топаралық бағалау

**Қолдауды көп қажет ететін оқушы** мұғалімнің көмегімен дұрыс жазылған өрнектің астын сызды. Қатемен жазылған есепті шығаруда қосымша түсіндіруді қажет етті. **Қолдауды аз қажет ететін оқушылар** Қатемен жазылған өрнекті есептеуде мұғалімнің қолдауын қажет етті. **Қолдауды қажет етпейтін оқушылар тапсырманы өз бетімен орындай алады.**

**Қолдауды көп қажет ететін оқушылар** оқушылар мұғалімнің қолдауымен 2-3 мысал құрастырды. **Қолдауды аз қажет ететін оқушылар** берілген уақыт ішінде 3-4 мысал жаза алды. **Қолдауды қажет етпейтін оқушылар** берілген уақыт ішінде өз бетімен 4-5 мысал жаза алды

## *Ықшам сабақтың қысқа мерзімді жоспарды құруға әсері*

**Ықшам сабақтың жоспарлау** оқу мақсатына негізделген сабақ мақсаты мен бағалау критерийлерін саралап алуға, тиімді тәсіл таңдауға, қысқа мерзімді жоспарды жүйелі құруды үйрендім.

**Тренердің көмегімен** белсенді оқу тәсілдерін сындарлы оқу қағидатына негіздеп құруды, сабақ мақсатын смарт форматында құруды ұсынды.

**Әріптестердің пікірі** саралау әдістерін түрлендіруді және оқу мақсаттарына сай бағалау критерийлерін таңдауды ұсынды

**Болашақта** оқушы қажеттілігін қанағаттандыратын тапсырма құруды және кері байланысты тиімді ұйымдастыруды дамытар едім.